

Қодар батыр және ұрпақтары

Қодар батыр Таңатарұлының тегі – Кіші жүз Алшын-Байұлы-Алаша-Алтыбас аталығынан. Алашаның ұраны – Байбарақ.

Қодар батыр қазіргі Қызылорда облысы, Сырдария ауданы жерінде XIX ғасырда өмір сүрген. Батырдың бейіті- қазіргі Қызылорда облысы Сырдария ауданы Ақжарма ауылының (бұрынғы Ильич) манайында. Қодар батырға ұрпақтары белгі орнатқан.

Қодар батыр – Қоқан, Хиуа хандықтарының озбырлығына қарсы шыққан ардақты ер. Елі мен жерінің азаттығы үшін күрескен батыр бабамыз жайлы дерек өте аз. Сондықтан жүйелі зерттеуді қажет етеді.

Кейінгі зерттеулерде белгілі болғандай Қодар батырдың баласы Садық ахун (1860-1937) Сыр бойына белгілі діни қайраткер, тәуіп әрі дәрігер болған. 20 ғасырдың 30 жылдары Садық ахун Совет үкіметіне қарсы Ақмырза Төсұлының (1881-1930) көтерілісін қолдағаны үшін 3 (үш) жылға сотталады.

Сыр сұлейі атақты Шораяқтың Омары (1878-1924), 1924 жылы көктемде Садық ахуннан былай деп көмек сұраған екен:

«Көріп кет келіп, Сәке, жан барында,
Жан жатыр жергілікті аңға
Атың сипатыңды сан жат еттім,
Сарсылтып дертің қысқан салдарында.
Ізіне ынтық болып інің жатыр,
Кеселдің кілтті қора албарында.
Қолыңда құжырынды жұмса, Сәке,
Жаратқан бір Аллаға жалбарына», - деп жазған екен.

Хат Садық ахунға кеш тиеді. Омардың намазына барып келгеннен кейін оқыған екен. «Өмірімде егіліп, өкініп жыладым», - депті.

Қодар батырдың немерелері Әбжан, Мақсұт, Тәждин деген кісілер ата жолын қуып елге абыройлы, беделді болған .

Сыр елінің сұлейі Тұрмағамбет Ізтілеуов (1882-1939) жырында :

«Мақсұмдар: Әбжан, Мақсұт, Тәждин,

Сіздерге ақсақалдық құтты болсын», - деп Садық ахун қайтқанда көңілқос айтқан екен.

Садық ахун бейіті – қазіргі Қызылорда облысы Сырдария ауданы Ақжарма ауылының маңайында.

Қодар батырдың бірінші немересі Әбжан (1902-?), Қармақшы ауданы, Жосалы қыстағында имам болған. Бейіті – атасы Қодар батыр, әкесі Садық ахунның қасында орналасқан. Әбжаннан Залладдин 1928 ж.т., 1941 ж.т. Тілеухан, 1945 ж.т. Қосылған туылған.

Қодар батырдың екінші немересі, Мақсұт Садықұлы (1912-1942) II дүниежүзілік соғыста Сталинград түбінде қаза болады. Мақсұт мақсұм Сыр бойының биі Алтын Уәлі бидің шөбересі Күнжан Ысқаққызын (1912-1996) алып, одан ұлы Сайфулла (1935-1938), қызы 1941 ж.т. Күлөнда қалады.

Сайфолладан 1960 ж.т. Абдолла, 1967 ж.т. Омар, 1976 ж.т. Рақым деген Қодар батырдың шөпшектері болады.

Садық ахунның үшінші ұлы – Қодаров Тәждин Садықұлы (1917-2006), дәрігер, емші-тәуіп. Қодар батырдың немересі Қодаров Тәждин II дүниежүзілік соғысқа қатысқан. Тәждин ақсақалдың зайыбы Мәрия Әбдіқызы. Тегі – Байұлы Алаша. Тәждин ақсақалдан Бектұрған (1952-2007), 1956 ж.т. Әбузар туған. Бектұрған Ақжарма ауылында отыз жылдай дәрігер болған. Одан Жандос, Қодар батырдың шөпшегі Облыстық медициналық орталықта стоматолог-дәрігер болып жұмыс істейді.

Қодар батырдың әскери құрал-сайманы, ұстанған заттары ұрпағында мұра болып қалғаны жөнінде дерек жоқ.

Бақытжан Ахметбек, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Қорқыттану және өлке тарихы» ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері

Әдебиеттер

1. Б. Ахметбектің дерек қорынан, Қызылорда қаласы, Ы. Жақаев №153 үй тұрғыны, Алаша Қодар батырдың шөпшегі Сайфоллаұлы Абдолла деген кісіден алынған мәлімет;
2. Ж. Бейсенбайұлы. Қазақ шежіресі. – Алматы: Атамұра. 1994;
3. Сыр елі Қызылорда облысы энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра. 2005;
4. Ә.Шадаұлы. Садық ахун. //Сыр бойы;
5. Т. Дайрабай. Сырдың сырлы сыры. – Алматы: Арыс, 2005.